3 ТДМ міндеттері

3.1 2030 жылға қарай ана өлімінің жаһандық коэффициентін 100 000 тірі туғандарға шаққанда 70-тен кем жағдайға дейін төмендету

3.2 2030 жылға қарай жаңа туған нәрестелер мен бес жасқа дейінгі балалардың алдын алуға болатын өлімін тоқтату. Бұл ретте барлық елдер неонаталдық өлімді 1 000 тірі туғандарға шаққанда 12 жағдайдан асырмай, ал бес жасқа дейінгі өлім-жітімді 1 000 тірі туғандарға шаққанда 25 жағдайдан асырмай азайтуға ұмтылуы тиіс

3.3 2030 жылға қарай ЖҚТБ, туберкулез, безгек және тиісті көңіл бөлінбейтін тропикалық аурулардың індеттерін тоқтату және гепатитке, су арқылы берілетін ауруларға және басқа да жұқпалы ауруларға қарсы күресті қамтамасыз ету

3.4 2030 жылға қарай профилактика және емдеу, психикалық денсаулық пен саулықты сақтау арқылы инфекциялық емес аурулардан болатын мезгілсіз өлімді үштен бірге азайту

3.5 Психоактивті заттарға тәуелділіктің алдын алу мен емдеуді жақсарту, оның ішінде есірткі заттар мен алкогольді пайдалану

3.6 2020 жылға қарай бүкіл әлемде жол-көлік оқиғаларынан болатын өлім мен жарақат санын екі есе азайту

3.7 2030 жылға қарай сексуалдық және репродуктивтік денсаулықты қорғау жөніндегі қызметтерге жалпыға бірдей қол жеткізуді қамтамасыз ету, оның ішінде отбасын жоспарлау қызметтері, ақпараттандыру және ағарту және ұлттық стратегиялар мен бағдарламаларда репродуктивті денсаулықты қорғау мәселелерін есепке алу

3.8 Денсаулық сақтау қызметтерімен жаппай қамтуды, оның ішінде қаржылық тәуекелдерден қорғауды, сапалы негізгі медициналық-санитариялық қызметтерге қол жеткізуді және барлығына қауіпсіз, тиімді, сапалы және арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қол жеткізуді қамтамасыз ету

3.9 2030 жылға қарай қауіпті химиялық заттардың және ауаның, су және топырақтың ластануы мен улануының салдарынан өлім мен аурудың санын айтарлықтай азайту

3.a Қажет болған жағдайда барлық елдерде темекіге қарсы күрес жөніндегі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының негіздемелік конвенциясын жүзеге асыруды жандандыру

3.b Ең алдымен дамушы елдерге әсер ететін жұқпалы және жұқпалы емес ауруларды емдеуге арналған вакциналар мен дәрі-дәрмектерді зерттеу мен әзірлеуге жәрдем көрсету, дамушы елдердің халықтың денсаулығын қорғау мақсаттары үшін икемділік танытуға қатысты Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі Келісімнің ережелерін толық көлемде пайдалану құқығы расталатын "ТРИПС және қоғамдық денсаулық сақтау жөніндегі келісім" Доха декларациясына сәйкес қымбат емес негізгі дәрілік заттар мен вакциналардың қол жетімділігін қамтамасыз ету, атап айтқанда, барлығы үшін дәрілік заттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету

3.c Денсаулық сақтауды қаржыландыру мен жиынтықты айтарлықтай ұлғайту, дамушы елдерде, әсіресе аз дамыған елдерде және шағын аралдық дамушы мемлекеттерде медициналық кадрларды кәсіптік даярлауды дамыту және ұстау

3.d Ерте алдын алу денсаулық үшін тәуекелдерді азайту, ұлттық және жаһандық тәуекелдерді реттеу саласында барлық елдердің, әсіресе дамушы елдердің әлеуетін арттыру

Қазақстанда аталған барлық міндеттер қабылданды.